

Алтын күз

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл - күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс - әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата - аналар қауымымен тығыз қарым – қатынасын калыптастыру

Жүргізуші:

Келді міне алтын күз,
Сары шашты жарқын жүз.
Мол өнімді ісімен
Таңдандырып халқын күз.

Армысыздар ағайын! Сәлеметсіздерме, қадірлі қонақтар! Бүгінгі біздің «Қарлығаш» тобының берекелі де ырысты «Алтын күз» құрметіне арналған мерекемізге қош келдіңіздер.

Жүргізуші:

Тоңазып отырып
Көп жеміс піседі
Сарғайып жапырақ
Судырап түседі.
Үстінде егінжай
Салқын жел соғады.
Гүл, жапырақ шөптер де
Қурап солады.
Айтындаршы балалар
Бұл қай кезде болады?

Балалардың жауабы. /Күзде/

Балалар орындарына отырады.
Залға сазды әуенімен Күз кіреді.
Амансыңдар ма балалар,
Ерінбестен еңбек етіп келетін.
Еңбекшіге бар жемісін беретін,
Мен -Алтын күз
Ынтымақты еліме
Берекелі ырыс болып енетін.
Балалар мен сендерге құр келген жоқпын,өзіммен бірге піскен
жемістерімді ала келдім.

Күзде қандай жемістер піседі білесіңдер ме? /алма, алмұрт жүзім, қарбыз т.б/

Балалар мен сендермен бірге «Дәмін ажырат» деген ойын ойнағым келіп тұр.

-Сендер ойын ойнағыларың келе ме?

-Иә, ойын ойнағымыз келеді.

Ойынның шарты: Мен сендердің ауыздарыңа бір жемісті саламын, ал сендер сол жемістің дәмін татып көріп қандай жеміс екенін айтасыңдар.

Ендігі кезекте балалардың күз туралы тақпақтарын тамашалаңыздар.

Аделья:

Алтын сары, қызыл көк,
Алуан-алуан жапырақ,
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

Әйзере:

Жемісті мол беретін,
Күз дос екен бізбенен,
Бәрін тауып беретін,
Жомарт екен күз деген

Балғаным:

Сары ала тон жамылған
Күз атамыз секілді,
Қойны толы дәмді нан,
Тәттісі көп не түрлі.

Қанат:

Жайдары күз, жарқын күз
Аяулы күз алтын күз
Дөнге толы ен далам
Дариядай шалқар күз.

Жансая:

Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз.
Бір уыс дән шаштық та,
Қап - қап қауын алдық біз.

Перизат:

Нан анасы - бидаймын,
Нанды елге сыйлаймыз.

Піскенімде мен қырда
Қауызыма сыймаймын.

Жүргізуші:

Кұлақтан кіріп, бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй,
деп -Абай атамыз жырлағандай ендігі кезекте бүлдіршіндердің
орындауында

Ән: Біз өмірдің гүліміз

Ерлан:

Қызыл мұратты арпамын
Ырыс құтты арпамын
Машинаға мініп ап,
Малды ауылға тартамын

Алинұр:

Күнге ғашық күрішпін
Күллі жұртқа ырыспын
Аңқам кеуіп тұрған соң
Ала жаздай су іштім

Анзор:

Күн суытып
Жапырақтар түседі
Астық- жеміс жиылды.
Қамбамызға құйылды.

Рамазан:

Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз.
Жиып - теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз,

Әсемай:

Астық - жеміс жиылды.
Қамбамызға құйылды.
Ардақты күз - мың алғыс.
Алдық өнім сыйыңды.

**Ендігі кезекте Абдрайым Жансая мен Рахим Анзордың
орындауында би: «Лезгинка»**

Жүргізуші:

Күз мезгілінде құстар туған жерін қимай, жылы жаққа қайта
бастайды, олай болса балалар құстар туралы тақпақтар айтайықшы.

Дәркен:

Қош бол өскен жеріміз
Айдын шалқар көліміз.
Аман болып тұрыңдар
Қамқор болған еліміз.

Айсұлу:

Күздің қазан айында
Алма алмұрт піседі
Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр-сыбдыр түседі

Кәмшат:

Қатерлі қыс өткенде,
Қайтып келіп көктемде.
Күнде думан құрармыз.
Күн шуағын төккенде.

Гүлзат:

Сау - сау етіп жапырақ
Сабағынан үзілді
Қоңыр тартып атырап,
Көкте құстар тізілді.

Бақдәужылдар:

Мен торғаймын, торғаймын
Суықтан да тоңбаймын,
Құрт - құмырсқа жәндіктен
Бау бақшаны қорғаймын.

Динара:

Туған жерден кетерде,
Қоңыр әнге салармыз.
Қош болыңдар бәріңде
Қимай кетіп барамыз.

Ернұр:

Құстар қайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанды,
Қыс келеді жар салып
Күзгі суық басталды.

Ата-аналармен **ойын:** "Сипап сезу"

Ендігі кезекте қыздарымыздың орындауында « Өзбек бийі»

Жүргізуші:

Күзде өздері пісетін тамаққа кеп түсетін
Мақтанбақшы сендерге, көкөністер сан түрлі!

Ортаға көкөністерді шақырамыз

Димаш:

Асханадан шыкпаймын,
Атым пияз, бұқпаймын.
Көзден жасты шығарам,
Тұмаудан бірақ сақтаймын!

Жанерке:

Қызанақ:
Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып.
Тұрғанол мен- қызанақ,
Күнге қарап ұялып!

Ілғар:

Қос картоп: Картоп-біздің атымыз,
Жерастында жатырмыз.
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбыз бәріміз!

Алина:

Сәбіз: Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойыңды.
Қоянға да азықпыз,
Сәбіздерміз жазықсыз!

Алтын күз:

Бәрекелді, керемет!

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар! Көрдіңізбе, Алтын күз, біздің балалардың бәрі өнерлі, олар сізге көбелек биін билеп бермекші.

Би:Көбелек

Алтын күз: Бәрекелді, керемет билейді екенсіңдер!

Жүргізуші: Алтын күз, біздің балалар жеміс-жидектер туралы өлең шумақтарын айта алатынын білесіз бе?

Алтын күз: Білмейді екем...

Жүргізуші: Ендеше тамашалаңыз ортаға тәтті жеміс-жидектерімізді шақырамыз

Гүлсезім:(Шие)

Тіл үйірген шырыным,
Жемістердің бірімін.
Мен маржандай шиемін,
Ұнатамын күн нұрын,

Алижан: (Дән)

Жарып шыққан қауызын.

Дән өмірлік азығым.

Жегенінде ақ нанды

Нәрге толар ауызың.

Арайлым:(Апорт алмасы)

Бақ ішінде алмалар,

Бар жемістен бағалы.

Көрген адам таңданар

Көздің жауын алады.

Ата- аналармен ойын: «Кім жылдам»

Жүргізуші: Сән әлемінен сырттап, құр қалмаңыздар,

«Күз»- 2024" бірге әнді киімдер шеруін тамашалаңыздар!

Біргеәнді кжәнеімдер шеруі

- Қосынынды:

"Алтын күз күз»


Аралар ма,осы ма күз деген?

Берекесін сыйлайтын кез екен,

Бізна күздің сыйын қабыл алаңдар, балалар.

Мен сендермен қоштасамын, келесі кездескенше сау-саламат
болыңдар! (балалар алтын күзбен қоштасады,музыка ойнап
алтын күз шығып кетеді)

- Жүргізуші: Балалар ,алтын күзге рахмет айтайық! Келесі
кездескенше аманшылық болсын! Осымен «Қарлығаш
тобының "Алтын күз» ертеңгілігі аяқталды . «Сау болыңыз
денсаулық"! доған отырып күз берекелді,астықты болсын
демекпіз.



БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С.Умирзакова



«Бану Түркеш» бала бақшасы ЖШС

Ашық сабақ

Тақырыбы: « Алтын күз»

Орындаған: Пернебекова О.А.